№4 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы
Өткізілген күні: 27.04. 2026ж
Қатысқандар: 8
Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.
Хатшы: **Жүрсін Н.Б.**

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 1. Зерделеу жұмысының қорытындысы
Меңгеруші Мырсейтова Э.С

2. «Қимылды ойындардың баланың физикалық дамуындағы рөлі»
Тәрбиеші: Бекаристанова А.М.

3. Құм және суды қолдану арқылы баланы жан-жақты дамыту
Тәрбиеші: Мустафина С.Г.

I. ТЫҢДАЛДЫ: Зерделеу жұмысының қорытындысы
СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші Мырсейтова Э.С жүргізілген Зерделеу жұмысының қорытынды кезеңі бойынша есеп берді. Зерделеу барысында ойын технологияларын, дамытушы ортаны және қимыл белсенділігін арттыру әдістерін қолдану нәтижелері талданды. Мониторинг қорытындысында балалардың қимыл үйлесімділігі, дербес әрекеті, танымдық белсенділігі артқаны айтылды. Зерделеу нәтижелері бойынша тиімді әдістер тізімі ұсынылып, оларды күнделікті тәжірибеге енгізу қажеттігі атап өтілді.
Сөз сөйлеген тәрбиеші Абдуллаева З. Зерделеу барысында қимылды ойындарды жүйелі қолдану балалардың тәртіп сақтау және топпен әрекет ету дағдыларын күшейткенін айтты.

II. ТЫҢДАЛДЫ: «Қимылды ойындардың баланың физикалық дамуына рөлі»
СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші Бекаристанова А.М. «Қимылды ойындардың баланың физикалық дамуындағы рөлі» тақырыбында баяндама жасады. Ол қимылды ойындардың денсаулықты нығайту, бұлшық етті дамыту, қозғалыс үйлесімділігін қалыптастырудағы маңызын түсіндірді. Баяндамада күн тәртібіндегі қимылды ойындардың орны, таза ауадағы ойындардың пайдасы, қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселелері қамтылды. Әр жас тобына арналған ойын түрлерінен мысалдар келтірілді.

Сөз алған тәрбиеші таңертеңгілік жаттығу мен серуен кезіндегі қимылды ойындарды түрлендіріп өткізу балалардың қызығушылығын арттыратынын айтты.

III. ТЫҢДАЛДЫ: Құм және суды қолдану арқылы баланы жан-жақты дамыту

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші Мустафина С.Г. құм және суды қолдану арқылы баланы жан-жақты дамыту тақырыбында тәжірибелік баяндама жасады. Ол құм және су ойындарының сенсорлық даму, ұсақ моторика, шығармашылық ойлау мен Зерделеушілік қабілетке әсерін түсіндірді. Практикалық жұмыс түрлері: құммен пішін жасау, су құю-өлшеу, салыстыру, тәжірибе элементтері көрсетілді. Табиғи материалдармен ойын ұйымдастыруда қауіпсіздік пен гигиена талаптарын сақтау керектігі ескертілді.

Сөз сөйлеген тәрбиеші құм-су орталығын тұрақты жұмыс аймағы ретінде ұйымдастыру тиімді екенін айтты.

Педагогтер қимылды ойындарды жоспарлы түрде көбейту, Зерделеу нәтижесінде тиімді деп танылған әдістерді барлық топтарға енгізу және құм-су ойын ортасын жабдықтау жөнінде пікір алмасты. Дамытушы ортаны маусымдық жаңарту ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Барлық тәрбиешілерге балалардың даму деңгейін зерделеу жұмыстарын жүйелі жүргізіп, нәтижесін педагогикалық кеңеске ұсыну міндеттелсін.
2. Әр тәрбиеші өз тобында қимылды ойындарды ұйымдастыру жоспарын жасалынсын.
3. Барлық тәрбиешілерге құм және суды қолдану арқылы тәжірибелік ойын әрекеттері жоспарлап, аптасына кемінде 2 рет өткізу міндеттелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: **Мырсейтова Э.С .**

Хатшы: **Жүрсін Н.Б.**